

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара маңындағы аймақтарда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы радиоқызметтері пайдаланатын 30.0-1000.0 МГц радиожилік жолағындағы радиожиліктерді тағайындауды үйлестіру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 178 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара маңындағы аймақтарда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы радиоқызметтері пайдаланатын 30.0-1000.1 МГц радиожилік жолағындағы радиожиліктерді тағайындауды үйлестіру туралы келісімнің" жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы Асқар Қуанышұлы Жұмағалиевке Келісім жобасының мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара маңындағы аймақтарда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы радиоқызметтері пайдаланатын 30.0-1000.0 МГц радиожилік жолағында радиожиліктерді тағайындауды үйлестіру туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара маңындағы аймақтарда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы радиоқызметтері пайдаланатын 30.0-1000.0 МГц радиожилік жолағындағы радиожиліктерді тағайындауды үйлестіру туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Өзбекстан Республикасының Үкіметі

байланыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуды ниет ете отырып,
радиобайланыс, теледидар және радиохабарларын тарату қызметтеріне сұраныстың
қ а р қ ы н ы н е с к е р е о т ы р ы п ,

Тараптар мемлекеттерінің радиоқызметтеріне зиянды өзара кедергілерді болдырмау
мақсатында 30.0-1000.0 МГц радиожилік жолағындағы радиожиліктерді
тағайындауды үйлестіруді жүзеге асыру қажет деп есептей отырып,

Халықаралық электр байланысы одағының (ХЭО) Радиобайланыс регламентіне
с ә й к е с ә р е к е т е т е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттары үшін мынадай терминдер қолданылады:

"шекара маңындағы аймақ" - теледидар және радиохабарларын таратудан басқа,
бір тарап мемлекетінің радиоэлектрондық құралдары басқа Тарап мемлекетінің
аумағында осы келісімде көрсетілген кедергілер жасауы мүмкін Қазақстан
Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы шекараның екі жағы
бойынша ені 50 км болатын Тараптар мемлекеттерінің аумағы;

"құпия ақпарат" - радиожиліктерді тағайындауды үйлестіру процесіне қатысатын
уәкілетті мемлекеттік органдар қол жетімділігіне шектеу қоятын Тараптардың
мемлекеттік құпияларына қатысы жоқ мәліметтер;

"жиліктерді тағайындауды үйлестіру" - осы радиоэлектрондық құралдардың
радиожилік тағайындауларының сипаттамаларына сәйкес радиоэлектрондық
құралдарын орнатуға және пайдалануға Тараптардың келісімін алу рәсімі.

2-бап

Тараптардың ынтымақтастығы халықаралық құқықтың жалпыға танылған
нормаларымен, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен және осы Келісім
ережесімен реттеледі.

3-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды бақылауды және
үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс
а г е н т т і г і ;

Өзбекстан тарапынан - Өзбек Байланыс және ақпараттандыру агенттігі.

Тараптардың уәкілетті органдарының ресми атаулары өзгерген жағдайда, қайта ұйымдастырылған кезде олар бұл туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы дереу хабарлайды.

4-бап

Тараптардың уәкілетті органдары:
осы Келісім шеңберінде қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;
кедергілер пайда болған жағдайда шараларды айқындайды және қабылдайды;
осы Келісімді қолдану шегінде рәсімдік тетіктерді айқындайды және қабылдайды,
үйлестіру аймағын белгілейді;
осы Келісім шеңберінде Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен
радиоқызметтердің радиожиіліктерді тағайындауды үйлестірудің техникалық негіздері
жөнінде немесе жекелеген радиожиілік жолақтарын пайдалану жөнінде келісімдер
жасауға қатысты ұсыныстар енгізеді.

5-бап

Осы Келісім ережелеріне сәйкес Тараптар шекара маңындағы аймақтарда алуан түрлі радиоқызметтер станцияларының 30.0-1000.0 МГц радиожиілік жолағындағы радиожиіліктерді пайдалануын үйлестіру мәселелерінде ынтымақтастық жасайтын болады.

6-бап

1. Осы Келісімге сәйкес құрлықтық жылжымалы, тіркелген, радиохабарларын тарату және де басқа да радиоқызметтер станцияларының радиожиіліктерді тағайындауды үйлестіруі жүзеге асырылады.

Тараптардың уәкілетті органдарының жауапкершілігіне жатпайтын радиоқызметтер станцияларының радиожиілік тағайындауларын үйлестіру осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті Хаттамалар жасалмайынша осы Келісімнің ережелерімен реттелмейді.

2. Егер олар шекара маңындағы аймақтарда Тараптардың уәкілетті органдары жасаған қосымша Үйлестірудің техникалық негіздері жөніндегі келісімде тиісті қызметтер үшін айқындалатын рұқсат етілген деңгейден асып түсетін кедергілер туындататын болса, 5-бапта көрсетілген радиожиіліктер жолағын үйлестіруге мемлекеттердің шекара маңындағы аймақтарда орналасқан станцияларының, сондай-ақ шекара маңындағы аймақтардан тыс жекелеген станциялардың радиожиілік тағайындаулары жатады.

3. Шекара маңындағы аймақтардың қабылдау станцияларының радиожиілік

тағайындауларын үйлестіру оларды кедергілерден қорғау қажет болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

7-бап

1. Тараптар радиожиліктердің мынадай санаттарын айқындайды: байланыс желілерін дамыту үшін Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары үйлестіруге тиіс жоспарланған байланыс желілеріне арналған радиожиліктер (ұялы байланыс желісі, радиохабарларын тарату, радиорелелік желілер және басқалары). Мұндай желілер қомақты капитал салымдарын талап етуі, оларды пайдалануға енгізу мерзімдерінің ұзақ болуы мүмкін және тек үйлестірілген және бекітілген жиілік-аумақтық жоспарлар нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Тараптар үйлестіру жүргізген және оларды пайдалану туралы келісімге қол жеткізілген үйлестірілген радиожиліктер.

Үйлестірілген радиожиліктерді тағайындау (беру) екінші Тараппен алдын ала жүргізілген үйлестіру жағдайларында жүзеге асырылады.

2. Үйлестірілген радиожилік санаттарының тізіміне енгізілген радиожилік тағайындауларды Тараптар өзара келісім негізінде жүзеге асырылғандар ретінде қ а р а й д ы .

Тараптардың әрқайсысының мынадай барлық радиожилік тағайындаулары үйлестірілген болып саналады:

1991 жылға дейін бұрынғы Кеңес Одағының орталықтандырылған байланыс әкімшілігі тағайындаған;

осы Келісім күшіне енгізілген сәтке дейін екі Тараптың байланыс әкімшіліктері үйлестірген;

Тараптардың Халықаралық электр байланысы одағының Дүниежүзілік және Өңірлік радиобайланыс конференцияларында қабылданған Жоспарларға енгізілген радиожилік тағайындаулары.

Келісімге қол қою сәтінде ХЭО апталық циркулярының бірінші бөлігінде жарияланған Тараптардың радиожилік тағайындауларына өтінімдер осы Келісімнің ережелеріне сәйкес үйлестірілуге тиіс.

3. Тараптардың әрқайсысында жоғарыда көрсетілген санаттардағы радиожиліктер тізімі болуға және олар жүргізілген үйлестіру негізінде толықтырылуға тиіс.

Тараптар келісілген нысан бойынша үйлестірілген радиожиліктер (станциялар) тізімін алмасады. Тізімдер тек шекара маңындағы аймақтарда орналасқан станциялардың немесе осы аймақтарда кедергі жасайтын станциялардың сипаттарын қ а м т и д ы .

Тараптардың радиожилік тізімдері, әдетте, жыл сайын Тараптар сарапшыларының кеңестерінде нақтыланады.

4. Тараптар осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген радиожииліктер жолағында Тараптардың қолданыстағы станцияларының арасындағы ықтимал кедергілік жағдайларды қарастырады және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Радиобайланыс қызметтері сапасының айтарлықтай нашарлауына әкелетін немесе кедергі өрісінің барынша рұқсат етілген кернеуінің қосымша Үйлестірудің техникалық негізі жөніндегі келісімде анықталатын деңгейден артып кетуінен оның жұмысын тоқтататын кез келген сәуле шығару кедергі ретінде қаралуға тиіс.

8-бап

1. Тараптар арасындағы ақпарат алмасу тәртібі, ақпараттың құпиялылық және оны қорғау дәрежесі, сондай-ақ берілетін ақпараттың құпиялығын бұзғаны үшін жауапкершілік әрбір нақты жағдайда осы Келісімнің және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының негізінде анықталады.

2. Тараптар бір-біріне қызмет үшін қажетті шекара маңындағы аймақтарда орналасқан азаматтық мақсаттағы қолданыстағы радиоэлектрондық құралдар жөніндегі мәліметтерді білдіретін құжаттарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге міндеттенеді.

3. Өз қызметтерін ұйымдастыру үшін қажетті құпия ақпараты бар мәліметтерді алған Тараптар оны қатаң түрде мақсаты бойынша пайдалануға тиіс. Құпия ақпаратқа қол жетімділігі бар мамандар тобы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес анықталады. Бұл ретте Тараптар халықаралық жиілік тағайындауларын үйлестіру үшін жауапты тұлғалардың ең аз қажетті санына құпия ақпаратқа қол жетімділік беру қажеттігін негізге алатын болады.

4. Құпия ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде Тараптардың мемлекеттерінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

5. Тараптар алынған ақпаратты құпия сақтауға және оны жарияламау жөнінде барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6. Берілетін ақпараттың құпиялылық дәрежесін ақпарат беретін Тарап айқындайды.

9-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары үйлестіру жүргізу рәсімдерін байланыс техникасының жылдам дамуы мен пайдаланылатын техникалық құралдарды және көрсетілген рәсімдерге түзетулерді уақытылы енгізу қажеттігіне байланысты туындайтын басқа мәселелерді әзірлеу және келісу үшін жауапты сарапшыларды тағайындайды.

2. Байланыс техникасының дамуын ескере отырып, Тараптар үйлестірудің техникалық негіздерін нақтылау және одан әрі дамыту мақсатында сарапшылар кеңестерін өткізетін болады.

10-бап

1. Тарап өзі үшін радиожилік тізімдерінде көзделмеген жаңа радиожилік тағайындауларын пайдалануды бастамас бұрын немесе үйлестірілгендер санатына жататын радиожилік тізіміне өзгерістер енгізуге ниет білдірсе ол ХЭО радиобайланыс регламентінің талаптарына сәйкес үйлестіру жүргізуге тиіс.

2. Үйлестіруге сұрау жіберілген Тарап оны қарауға және 60 күн ішінде жазбаша дәлелді жауап жіберуге тиіс. Егер ол өтініш білдірілген радиожилік тағайындауларын пайдаланумен келіспесе, ол проблеманы қанағаттандырып шешу үшін өз ұсыныстарын беруге тиіс.

3. Егер үйлестіруге жазбаша өтінім жіберген Тарап 90 күн ішінде жазбаша жауап алмаса, онда ол екінші Тараптың өтініш білдірілген радиожилік тағайындауларын пайдалануға қарсылығы жоқ деп есептейді, оны үйлестірілген радиожиліктер тізіміне енгізеді және бұл туралы екінші тарапқа жазбаша түрде хабарлайды.

4. Радиожилік тағайындауларын үйлестіру мынадай жағдайларда талап етілмейді:

1) егер үйлестірілген радиожилік тағайындауларын пайдаланушы станцияда, екінші Тарап мемлекетінің аумағында кедергілердің пайда болуына әкеліп соқпайтын сипаттамалары ғана өзгерсе;

2) егер бұрын үйлестірілген радиожилікте жұмыс істейтін қосымша станцияны пайдалануға енгізу екінші Тарап мемлекетінің аумағында кедергілердің пайда болуына әкеліп соқпаса.

5. Үйлестірілген радиожилік тағайындауларын пайдаланған негізгі станцияның жұмысы тоқтаған жағдайда, екінші Тарапқа оның орнына енгізілген станцияның техникалық сипаттамалары хабарланады.

6. Тараптардың бірі үйлестірілген радиожилік тағайындауларының тізіміне үйлестіру жүргізуді талап етпейтін өзгерістер енгізетін барлық жағдайларда, оның ішінде үйлестірілген станцияларды пайдалануды тоқтатқан кезде, ол бұл өзгерістер туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

11-бап

Кедергіге тап болған қабылдау станциясы өзіне тиесілі Тарап ол туралы қарамағында кедергі тудыратын беру станциялары бар екінші Тарапқа хабарлайды. Тараптар кедергілерге қатысты мәселелерді реттеу үшін өзара түсіністік және ынтымақтастық негізінде мүмкін болатын шараларды қабылдайды.

12-бап

1. Тараптар осы Келісімде көзделмеген барлық мәселелер бойынша Дүниежүзілік банк радиобайланыс конференцияларының, Халықаралық радиобайланыс регламентінің ережелерін және Халықаралық электр байланысы одағының ұсынымдарын басшылыққа алады.

2. Осы Келісім Тараптар қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерді және әрбір Тараптағы радиожиилікті пайдалануды реттейтін ұлттық заңнамаларды Тараптардың орындауына кедергі болмайды.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

14-бап

Сарапшылардың кездесулерін Тараптар алдын ала келіседі, ұйымдастыру мәселелерін кездесу болатын мемлекеттің аумағындағы Тарап шешеді, қаржылық - әр тараптың есебінен.

15-бап

Осы Келісімге сәйкес Тараптар өзара әрекет ету кезінде орыс тілін пайдаланады.

16-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

Тараптардың байланыс әкімшіліктері ХЭО Бас хатшысын осы Келісімнің жасалғаны туралы және мазмұны туралы хабардар етеді.

18-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғысы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген

күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2006 жылғы "___" _____ қаласында қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*